

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

КАФЕДРА:

ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ КАФЕДРАСЫ

Тексерген: Баймолдин .Н

Орындаған: Зәкір Айдана

Факультет: Жалпы медицина

Топ: 015-02

Алматы - 2014



Тақырыбы:

Жанұя денсаулығы. Бала денсаулығы

Жоспар:

Кіріспе.

Негізгі бөлім.

1. Қазақстан Республикасындағы балалар мен жасөспірімдердің ауру-сырқау жағдайы.

(ресми статистикалық деректер негізінде)

2. 12-ден 18 жасқа дейінгі оқушыларды медициналық тексеруін, сауықтыруын ұйымдастырудың және жүргізудің әдістемесі.

3. 12-ден 18 жасқа дейінгі оқушыларды медициналық тексерудің және сауықтырудың нәтижесі.

Қорытынды

1.Кіріспе.

"Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім және сәттілігі" атты "Қазақстан-2030 Даму Стратегиясын жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының шешімімен №1678 бұйрық негізінде 1997 жылы 3 желтоқсанда салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметі құрылды. Сол уақыттан бері салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі бойынша аурудың алдын алу мен халықтың денсаулығын нығайтуға айтарлықтай жетістіктерге қол жетті.

- Еліміздің келешегі – жастардың денсаулығына айтарлықтай, шынайы қауіп төнуде десек, артық айтқандық емес, Қазіргі кезде балалардың денсаулығына қауіп тудыратын себептерде көп. Гигиена, клиника саласының ғалымдарының, дәрігерлерінің айтуынша, денсаулыққа қоршаған ортаның зиянды экологиялық факторлары көп зиян тигізеді, антропогендік іс-әрекеттің нәтижесінде ауа, су, топырақ ластануда.

12-18 жас аралығындағы балаларды бөлек жас санатына жатқызу бала дамуының анатомиялық физиологиялық ерекшеліктері туралы деректерге негізделеді. Атап айтқанда, 12 жастан бастап жыныстық дамудың қарқынды кезеңі басталады. Бұл пубертаттық "секіру" көптеген медициналық және әлеуметтік қиын мәселелердің себебі болады. Бұл жастағы балалардың анатомиялық физиологиялық ерекшеліктеріне қарасты, дамудың кейбір гормоналдық өзгерістерін яғни, нақты жыныстық белгілерінің пайда болуын және бірқатар организм жүйелері қызметінің қайта құрылуын атау керек.

Оқушылар денсаулығының жағдайына кейбір тәртіп себеп-шарттарының ықпал етуі ерекше үрей туғызады. Елімізде балалар арасындағы темекі шегу және нашақорлық мәселелері одан сайын асқынуда. Соңғы 5 жыл ішінде оқушылардың аурулары 2есеге өсті, жасөспірімдердің тең жартысы темекі шегеді, 17% есірткі тұтынады. 11-14 жастағы балалар арасында спирттік ішімдіктер қолдану көрсеткіші шамамен 20% құрады.



2. Негізгі бөлім.

1.Ресми статистика деректері бойынша балалар арасындағы жалпы ауру-сырқаушылықтың өсуге айқын тенденция бар. Балалардың жалпы ауру-сырқаттанушылығы 1996-2002 жылдар аралығында нақты түрде 21,4%, яғни 1,2 есеге өскен.

Балалық жаста кездесетін патологиялар ішінде, сезім органдарының, жүйке, эндокриндік, сүйек-бұлшықет жүйелерінің дәнекер ұлпаларының аурулары және туа біткен кемістіктер әлеуметтік бейімделу жағынан мүдделі болып табылады.

Статистика деректері бойынша жоғарғы сынып оқушылары арасындағы жарақаттану 1996-2001 жылдарда 1,4 есеге өскен. Бір жыл ішінде 100 жасөспірім ішінен әрбір алтыншы түрлі сатыдағы ауырлық деңгейдегі жарақаттануға ұшыраған, тәжірибе күйінде бұл үлкен адмдармен және 14 жасқа дейінгі балалармен салыстырғанда екі есеге көп.

Өскелең ұрпақтың несеп-жыныс жүйесі ауруларының жағдайы алаңдатушылық туғызады.

2002 жылғы сараптамалар бойынша жасөспірімдердің жалпы ауруға шалдығу құрамында, келесі патологиялар барлық ауруларға шалдығудың 2/3 бөлігін (67,4%)

құрады:


- тыныс органдары -29,1%
- ас қорыту органдары -9,5%
- тері және тері асты шел қабаттары -8,3%
- көз және оның қосалқылары -8,2%
- несеп-жыныс жүйесі -6,3%
- жүйке жүйесі -6% болса,

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылының Шакен Айманов атындағы қазақ гимназия мектеп интернатының оқушыларында

бұл патологиялық аурулар 15,8%-ды құрады:

- тыныс органдары - 3,7%
- ас қорыту органдары - 2,8%
- тері және тері асты шел қабаттары - 1,5%
- көз және оның қосалқылары - 5,8%
- несеп жыныс жүйесі - 0,6%
- жүйке жүйесі - 1,4%

Соңғы уақытта жылдан жылға балалардың алдын ала қараумен қамтылуы төмендеп келеді. Бұл жұмыс формасының өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын жеткілікті деңгейде қамтамасыз етудегі маңыздылығын жеткілікті деңгейде қамтамасыз етудегі маңыздылығын тәжірибелі дәрігерлер, ғалымдар және денсаулық сақтау ұйымдастырушылары жақсы түсінеді. Денсаулық сақтау мекемелеріне өз еркімен қаралғандардан тұратын ауру-сырқаушылық көрсеткіштері тұрғын балалардың әртүрлі контингенттерінен де денсаулық жағдайын толық сүреттей алмайды.



Аурудың клиникалық және дертке дейінгі өзгерістерін анықтаудың олардың алдын алу жұмыстарын мезгілінде ұйымдастыруды қамтамасыз етуде үлкен мәні бар. Алдын ала қараудың кемшілігі оның қымбаттылығында. Бұл іс-шараларға көптеген жоғары білікті мамандардың қатысуы үлкен шығындарға әкеледі.

Қазақстан Республикасының барлық аймақтарының 12-ден 18 жасқа дейінгі 1,7 млн. оқушы қамтылған тексеру 3-кезеңнен тұрады:

1 кезең-ұйымдастыру;

2 кезең-медициналық тексеру жүргізу;

3 кезең-анықталған науқастарды кезеңдік сауықтыру; емдеу және диспансерлік бақылау;

Медициналық тексеру нәтижесінде 12-ден 18 жасқа дейінгі балалардың арасында патологиялық зақымдалу анықталды.

Олар : неврологиялық аурулар;гипертензиялық аурулар -4,8% ;түнгі энурез-0,2 %.Хирургиялық аурулар: майтабан -2,6%; сколиз -2,9%; лордоз-0,8% ; кеуденің деформациясы-0,5% ;
Окулист: жеңіл миопия -1,6%; орта миопия -4%; ауыр миопия -0,2%; Соматикалық аурулар: кариес-5,1%, гиперстатура-0,5%, гипостатура-1,6%, темір жетіспеушілігі-1,5%. Тері аурулары-11,5%. Жүрек аурулары-5,9%.
Психикалары дамымаған-1,3%. "Д" есебіндегі балалар-5,6%, лор аурулары-3,7%.

Жоғарыда көрсетілген әдістемелік тәсілді пайдалану бізге скринингтік тексеру бағдарламасының негізгі әрекеттер сипаттамасын төменде келтірілген есеп формуласын сәйкес анықтауға мүмкіндік берді.

$$\text{Сезімталды} = D / (B + D), \%$$

$$589 / 29 + 589 \times 100 = 95,3\%$$

$$\text{Өзінділігі} = A / (A + C), \%$$

$$270 / 270 + 115 \times 100 = 70,1\%$$

$$\text{Оң нәтижесінің болжамдық құны} = D / (C + D), \%$$

$$589 / 115 + 589 \times 100 = 83,7\%$$


$$\text{Теріс нәтижелердің болжамдық құны} = A / (A + B), \%$$

$$270 / 270 + 29 \times 100 = 90,3\%$$


Қорытынды.

Медициналық тексерумен қамтылған 12-13 жастағы оқушылардың 55,8% "дені сау" деп белгіленді. Бұл көрсеткіштер Атырау(66,4%), Ақтөбе(65,5%), Маңғыстау(65,4%), Ақмола(64,1%) облыстарында және Астана(61,3%) қаласында көбірек орын алған.

Ең төменгі көрсеткіштер Қарағанды(43,9%), Павлодар(44,3%) облыстарында және Алматы (47,6%) облыстарында байқалды.




Өткен кезеңді талдай отырып, "Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін" атты республикадағы қозғалысты одан әрі жетілдіру нәтижесінде әрбір жеке адамның салауатты өмірге бет бұруына мүмкіншілік жасау керек.




"Қазақстан-2030" даму стратегиясының республика халқының салауатты өмір салтының қалыптастыру бағытындағы басымдықтар:


- салауатты өмір салтын қалыптастырудың ұлттық саясатын жасау;*
- қауіпсіз және сенімді тіршілік ету ортасын қамтамасыз ету;*
- денсаулықты сақтап нығайту үшін әлеуметтік жағдай жасау керек;*




Сонымен қатар, 2.12-ден 18 дейінгі жас адам организмінің психо физикалық қалыптасуындағы ерекше кезең болып табылады, сондықтан тек осы жаста нәтижелі тексеруді және сауықтыруды өткізу ерекше қажет болып табылады.

Нақты келгенде тек осы жастағы қалыптасу кезеңі келешекте созылмалы патологиялаоға алып келеді.





Медициналық қызметкерлердің негізгі бөлігі орасан көп адамдар үшін динамикалық тексерудің маңызы зор. Бірақ та "Ауырып дәрі іздегенше, ауырмаудың жолын іздеген" әлдеқайда артық. Сондықтан келешек ұрпақ өзінің еліміздің болашығы екенін жадында сақтап, салауатты өмір салтын қалыптастыруға шақырамын.



Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.Ә Назарбаев.

"Қазақстан-2030". Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Қазан, 1997ж

2. А.А Ақанов.

"Қазақстанда салауатты өмір салтын қалыптастыру шаралары". Валеология. Дене тәрбиесі. Спорт №1/2004

3. Баянауыл ауданының 2002-2005 скрининг мед. байқау статистикалары.

4. Ш. Айманов атындағы қазақ гимназия мектеп-интернатының 2002-2005 скрининг мед. байқау статистикалары.

Назарларыңызға рахмет!!!!!!!!!!!!!!!!!!!!!!

